



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ К.

«__» _____ 2025 ж.

"Oil Services Company" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Сақтанушы (Тапсырыс беруші) - «Oil Services Company» ЖШС. Резиденттік белгісі: Резидент. Экономика секторының коды - 7, КБЕ 17. Экономикалық қызметтің түрі. Мұнай мен табиғи газ өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету.

1.3. Сақтандыру компаниясы (Орындаушы) - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шарт пайдасына жасалған тұлғаға (пайда алушыға) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға.

1.4. Сақтандыру компаниясы сақтанушының жазбаша өтініші (өтініші) негізінде "қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) нормаларына сәйкес, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті электрондық нысанда сақтандыру полистерін (бұдан әрі – сақтандыру полисі) ресімдеуге міндеттенеді, ал Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді.

1.5. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты, оның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты объект иесінің мүлктік мүддесі сақтандыру полистері бойынша сақтандыру объектісі болып табылады.

1.6. Сақтандыру полистерінде көрсетілген тұлғалар Сақтандырылған, пайда алушылар болып табылады.

1.7. Сақтандыру мерзімі сақтандыру полистерінде көрсетіледі.

1.8. Сақтандыру полисі болмаған жағдайда бұл шарттың заңды күші болмайды.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.


2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы төлем шотын ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;





2.5.3. өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің түпнұсқасы (түпкілікті өзара есеп айырысу кезінде). Орындаушы қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін немесе қызметтерді көрсеткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою туралы дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, салыстыру актісіне Тапсырыс беруші жеке-дара қол қояды, ол екі тарапта қол қойды деп есептеледі.

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.9. Шот-фактура Тапсырыс берушінің электрондық шот фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы электрондық шот-фактура жазып берілген күннен бастап оның табыс етілген күні болып есептеледі.

2.10. Сақтандыру сомасының мөлшері заң нормаларына сәйкес айқындалады. Сақтандыру сомасы Сақтандыру компаниясының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады, сақтандыру полистерінде көрсетіледі және 452 180 000 (төрт жүз елу екі миллион бір жүз сексен мың) теңгені құрайды.

2.11. Сақтандыру компаниясы ресімдеген сақтандыру полистері бойынша сақтанушының төлеуіне жататын сақтандыру сыйлықақысы заң нормаларына сәйкес сақтандыру полистерінде және Шарттың 2.1 - тармағында көрсетіледі.

2.12. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы шарттың 2.4-тармағында көрсетілген мерзімде біржолғы төлеммен төлеуге тиіс.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 Қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Көрсетілген Қызметтер қағаз Актісіне қол қойған күні Қызметтер көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Көрсетілген қызметтерді көрсетілген қызметтердің актісі бойынша (Акт қағаз жеткізгіште (№4 Қосымша) нысанында ұсынылады) тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге міндетті.

4.1.3. Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға.

4.1.4. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге.

4.1.5. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізуге.

4.1.6. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыру компаниясы өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлау қажет.


4.1.7. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жіберуге.

4.1.8. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

4.1.9. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының) талаптарын қарауға және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге.

4.1.10. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсменіне жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсменіне қайта жолдауға.

4.1.11. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның





ішінде:

- 4.1.11.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;
- 4.1.12. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.
- 4.1.13. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.
- 4.1.14. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ орындаушы шартты орындау үшін тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты ешкімге ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.
- 4.1.15. Егер Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте қызметтерді уақтылы ұсынуға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі(себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге. Орындаушыдан хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және өз қалауы бойынша Орындаушының Шартты орындау мерзімін ұзарта алады. Мұндай жағдайда мұндай ұзартуды тараптар Шарттың мәтініне түзетулер енгізу арқылы ресімдеуге тиіс.
- 4.1.16. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.
- 4.1.17. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде қызметтерде табылған барлық кемшіліктерді жоюға және/немесе Тапсырыс берушіге қызметтер көрсету процесінде табылған кемшіліктерді жою үшін өзге ұйымды тартуға байланысты барлық шығындарды өтеуге.
- 4.1.18. Қызмет көрсету барысын баяулататын немесе одан әрі қызмет көрсетуді мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға.
- 4.1.19. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.
- 4.1.20. Орындаушының кінәсінен болған Тапсырыс берушінің заңнама талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырысшыға толық өтеуге.
- 4.1.21. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.
- 4.1.22. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.
- 4.1.23. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.
- 4.1.24. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын орындаушының, сондай-ақ оның бірлесіп орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге.
- 4.1.25. Тапсырыс берушіде Орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені туралы мәліметтер болған кезде орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушысының шарт бойынша қызметтер көрсетуге тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсете отырып, тапсырыс беруші айқындаған талап ету бойынша және мерзімдерде беруге.
- 4.1.26. Орындаушы тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салық органына салық есептілігін дұрыс жасауға және уақтылы ұсынуға міндетті. Орындаушы Тапсырыс берушіге салықтарды, өсімпұлдарды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, қоса есептелген төлемдер сомасын өтеуге, сондай-ақ егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданған және (немесе) тексерулер





жүргізген жағдайда, осындай қосымша есептеу (бұзушылық) туралы тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге көрсетілген сомаларды төлей отырып, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ өзге де іс-шараларды қоспағанда, шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемдеу) не растамау фактілері анықталатын болады, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылады не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қоса есептелетін болады. Орындаушы қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамаған, қосылған құн салығын қайтармаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржы санкцияларын қоса есептемеген жағдайларға алып келген өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттер мен қызметшілердің шарты бойынша орындауға тартылған міндеттемелері үшін (әрекетсіздігі) үшін де осы тармақ бойынша жауапты болады.

4.1.27. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушының қызметтерді көрсету процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

4.1.28. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. сақтандыру полистерін ресімдеу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру полистерін ресімдеу үшін қажетті өзге де мәліметтерді, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге.

4.2.8. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға.

4.2.9. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға.

4.2.10. үшінші тұлғалардың бүлінген мүлкін және зақымдану аймағын тексеруге қатысуға және тексеру актілеріне қол қоюға.

4.2.11. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиянның мөлшері) өзгерген жағдайда сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуді талап етуге.

4.2.12. келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда Сақтанушының (сақтандырылушының) атынан және оның тапсырмасы бойынша сөз сөйлеуге.

4.2.13. Сақтанушының (сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша пайда алушылар қоятын талап-арыздарға қатысты оның атынан сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауға. Алайда сақтандыру компаниясының бұл әрекеттерін олардың сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін мойындауды деп санауға болмайды.

4.2.14. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандыру компаниясы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге.

4.2.15. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері) өзгерген жағдайда Шарт талаптарының өзгеруін талап етуге.

4.2.16. Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру төлемін және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін сақтанушының басқа да құқықтарын алуға құқылы.





4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. үш жұмыс күні ішінде сақтандыру компаниясына және уәкілетті мемлекеттік органдарға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, олардың құзыретіне сүйене отырып, мән-жайлардың өзгерістері туралы хабарлауға.

4.3.5. қызметі сақтандыру тәуекелін едәуір арттыруы мүмкін үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні жоспарланып отырған жаңғырту және (немесе) қайта бейіндеу туралы сақтандыру компаниясы мен мемлекеттік органдарды олардың құзыретіне сүйене отырып хабардар етуге.

4.3.6. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерін болғызбау жөнінде қажетті және ықтимал шараларды қабылдауға.

4.3.7. дереу, бірақ үш күннен кешіктірмей, ол сақтандыру жағдайының басталғаны туралы білгендей, бұл туралы Сақтандыру компаниясына хабарлауға.

4.3.8. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсері туындаған кезде орын алған жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту, оның ішінде мүлкті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөнінде ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға.

4.3.9. сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы мен салдарын, сондай - ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты (қажет болған жағдайда-жазбаша нысанда) және құжаттаманы ұсынуға.

4.3.10. қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою немесе талап қою туралы өзіне белгілі болғандай, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандыру компаниясына кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.


4.4.6. Егер көрсетілетін қызметтің осы Шарттың талаптарынан ауытқуы немесе көрсетілетін қызметтер нәтижесінің өзге де кемшіліктері Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жойылмаса не Елеулі және жойылмайтын болып табылса, Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан бас тартуға және келтірілген залалдың өтелуін талап етуге;

4.4.7. Сақтандыру компаниясынан сақтандыру шарттарын, шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге.

4.4.8. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға.

4.4.9. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру компаниясы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысуға.

4.4.10. Заңның 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру компаниясына не объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа





жүгінуге құқылы.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Орындаушы 3 (үш) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушымен мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Қызметтің сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Қызметтің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер, ақаулар (кемшіліктер) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.6. Егер кемшіліктер осы Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен бұзуға және орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 айға белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті. Орындаушының қызмет көрсету мерзімдерін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын Тапсырыс беруші міндеттемені нақты орындаған күнге дейін алады.


7.2.2. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін көрсетілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған жалпы қызметтер құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1%, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.6. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен)





жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтаруға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі ақшадан кез келген соманы, оның ішінде төленген авансты біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Ұстап қалу үшін мыналар: шарттық міндеттемелердің орындалмауын/тиісінше орындалмауын; шарттар бойынша міндеттемелердің орындалу кестелерінің бұзылуын растайтын құжаттар негіз болып табылады; есептелген айыппұлдар, өсімпұлдар және өзге де тұрақсыздық айыптарын; шарттар бойынша өзара есептесулер жүргізуге растайтын құжаттар негіз болып табылады.

7.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға кідірткен сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.6.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

7.10. Орындаушы және оның бірлесіп орындаушылары жол берген азаматтар мен шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайлары үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;





8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

8.8. Орындаушы мен оның бірлесіп орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық өтей отырып, Тапсырыс беруші Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы.

8.9. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар (Орындаушының электрондық поштасына жіберілген Тапсырыс берушінің өтінімін қоспағанда) алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.


9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабын болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт 2025 жылдың 21 сәуірден бастап күшіне енеді және 2026 жылдың 20 сәуірді қоса алғанда, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)





11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуға жауапты болмайды.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

